



5. Депутаттық өкілеттілік мерзімі біткеннен соң, сонымен қатар депутат өз өкілеттігінен айрылған жағдайда Парламент депутаты куәлігі Орталық сайлау комиссиясына тапсырылады.

*Комиссия төрағасы*

*Комиссия хатшысы*

## **ЕРЕЖЕ**

### **Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының омырауға тағатын белгісі туралы**

1. Орталық сайлау комиссиясы, сайлау қорытындылары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін, депутатқа Парламент депутатының омырауға тағатын белгісін тапсырады.

2. Парламент депутаты омырауға тағатын белгісінің үлгісі мен сипатын Орталық сайлау комиссиясы бекітеді.

Парламент депутатының омырауға тағатын белгісі диаметрі 30 мм алтын диск болып табылады.

Дискінің беткі жағы үш бедерлі шеңберден тұрады.

Алтын сабақтардан тұратын бірінші шеңбер жоғары жағында "Парламент" төменгі жағында қазақ тіліндегі "депутаты" сөздері орналасқан көгілдір лента түріндегі екінші шеңберді көмкеріп тұр.

Дискінің орталығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туының белгісі күн мен шарықтанған бүркіт орналасқан.

Парламент депутатының 40 мм алтын шынжырлы штифттік бекіткіші бар.

Омырауға тағатын белгінің келесі жағында оның есептік нөмірі соғылған.

3. Парламент депутатының омырауға тағатын белгісі сол жақ өңірге тағылады және өзінің тіркеу нөмірі бар.

4. Парламент депутатының омырауға тағатын белгісін депутат өз өкілеттілік мерзімі кезеңінде ғана пайдалана алады.

5. Депутаттық өкілеттілік мерзімі біткеннен соң Парламент депутаты омырауға тағатын белгісін Орталық сайлау комиссиясына тапсырады.

*Комиссия төрағасы*

*Комиссия хатшысы*